


8-СЫНЫП
ГЕОМЕТРИЯ
17-сабақ тапсырмалары:
Көпбұрыштың ауданы

1-есеп. Қабырғасы 1 см-ге тең дұрыс алтыбұрыштың ауданын табыңдар.

2-есеп. Дөңес төртбұрыштың диагональдары 6 және 8, олардың арасындағы бұрыш 30° . Осы төртбұрыштың ауданын табыңдар.


3-есеп. Төртбұрыштың диагональдары өзара перпендикуляр және 4 см, 5 см. Осы төртбұрыштың ауданын табыңдар.

4-есеп. 1-суретте кескінделген көпбұрыштардың ауданын табыңдар. Торкөздің қабырғалары 1-ге тең.




1-сурет

5-есеп. 2-суретте кескінделген көпбұрыштардың ауданын табыңдар. Торкөздің қабырғалары 1-ге тең.



2-сурет


6-есеп. 3-суретте кескінделген бесбұрыштардың ауданын табыңдар. Торкөздің қабырғалары 1-ге тең.



3-сурет


7-есеп. Дөңес төртбұрыштың диагональдары 8 және 10. Осы төртбұрыштың ең үлкен ауданы қандай болуы мүмкін?

8-есеп. Дөңес төртбұрыштың төбелері арқылы оның диагональдарына параллель түзулер жүргізсек, осы түзулерден құрылған параллелограмның ауданы берілген төртбұрыштың ауданынан екі есе үлкен болатынын дәлелдендер (4-сурет).



4-сурет

9-есеп. ABCD дөңес төртбұрышта E және F нүктелері – сәйкесінше BC және AD қабырғаларының орталары (5-). AECF төртбұрышының ауданы ABCD төртбұрышының ауданының жартысына тең екенін дәлелдендер.



5-сурет